

Екібастұз қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 6 ақпандағы "2009 жылға арналған Екібастұз қаласының жекеленген санаттағы азаматтарына әлеуметтік көмек туралы" N 68/2 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 29 маусымдағы N 353/7 қаулысы. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 шілдеде N 12-3-235 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 5 мамырдағы N 3-05/74 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2010.05.07 N 3-05/74 хаты).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына сәйкес және қаланың кейбір атқарушы органдарының құрылымында кадрлық өзгерістердің болуына байланысты, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Екібастұз қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 6 ақпандағы "2009 жылғы Екібастұз қаласының жекеленген санаттағы азаматтарына әлеуметтік көмек туралы" (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің N 12-3-217 Тізілімінде тіркелген және 2009 жылғы 12 ақпандағы N 7 "Отарқа" және "Вести Екибастуза" газеттерінде жарияланған), Екібастұз қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 2 маусымдағы N 316/6 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің N 12-3-232 Тізілімінде тіркелген және 2009 жылғы 11 маусымдағы N 24 "Отарқа" және 2009 жылғы 18 маусымдағы N 25 "Вести Екибастуза" газеттерінде жарияланған), N 68/2 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Екібастұз қаласының жекеленген санаттағы азаматтарына әлеуметтік көмек тағайындау бойынша комиссия құрамына (бұдан әрі – Комиссия):

Сансызбай Сапарұлы Төлеубаев, Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары,
Комиссия төрағасы болып;

Балтабай Құдайбергелұлы Шахметов, "Екібастұз қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының міндетін атқарушы, Комиссия мүшесі
болып енгізілсін;

2) Комиссия құрамынан Айзада Амангелдіқызы Құрманова, Айнагүл Амангелдіқызы Құрманова шығарылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары **С.С.Төлеубаевқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

Н. Нәбиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК